

[Введите текст]

№ 1 (9) 2014 жыл I тоқсан

*Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған  
мамандандырылған гимназиясы*

# БАЛАУСА

*Радио-ақпарат орталығының мүшелері:*

- 1. Редакторы: Камила Галиева*
- 2. Редактордың орынбасары: Жанибек Өмірзақов*
- 3. Көркемдеуші редакторы: Акмарал Амантаева, Аманат Жанқушуков*
- 4. «Гимназия тынысы» айдарының тілшілері: Камила Аманжолова, Томирис Алиханова, Жансаят Мукышев*
- 5. «Жас қалам» айдарының тілшілері: Динел Касымова, Арыстан Письмиленов*

## «Алғашқы қоңырау» сыңыры



1-қыркүйек – Білім күні. Еліміздің түкпір-түкпірінде барлық балалар ата-аналарымен бірге мектепке қарай ағылды. Жүздері бал-бұл жайнаған, гүлдері құшаққа толы оқушылардың қуанышында шек жоқ. Олардың арасында мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы келе жатқан жас бүлдіршіндер де бар. Олардың жүздері мүлде ерекше. Қадамдарың құтты болсын, кішкентай кемеңгерлер! Еліміздің болашағы сендерсің. Сондықтан да білім ордасында мол білім алып, тәртіпті де тәрбиелі азамат болып өсіңдер. Еліміздің көсегесін көгертетін сендерсіңдер. Ақ жол сендерге, жас балақайлар!

### 22 қыркүйек Халықаралық тілдер күні

Тіл-тарихи, мәдени және өмірлік құндылық. Тілді жасау және қалыптастыру-ұзақ уақытқа созылатын үрдіс. Әр халық өз тілін жақтаушы ұжым болып келеді. Тілдегі сөздер қоршаған ортадағы құбылыстың, заттық ұғымның атауын білдіреді. Қай тіл болсын, қалыптасу, даму барысында әр түрлі жайларды басынан кешіреді. Тілдер де тарихи қиыншылықтарды басынан өткізеді. Сондай басқыншылықтардың, отарлаудың зардабын шегіп, езгіге ұшыраған, бірақ өз келбетін сақтап қалған тілдердің бірі - біздің ана тіліміз-қазақ тілі. Қазақ тілі-қазақ халқының ана тілі. Ана сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің күдірет тірлігі-оның орындылығында, өршінінде орасан

зор байлығында. Қай халықтың болмасын тілі-өзіне қымбатты да қимас байлығы, қазынасы. Сол сияқты біздің де ана тіліміз-алтындай асылымыз, мөлдір маржанымыз, ғажайып гауһарымыз. Сондықтан да «ана» деген ардақты сөзді қосып, «ана тілі» деп айтамыз.

22 сентября вся наша страна отмечает этот день как день языков народаов Казахстана. Наш президент Нурсултан Назарбаев поставил перед ними задачу: говорить на 3х языках: казахском, русском и английском, не забывая при этом и своего родного. Это прекрасно, ведь знание языков-это наше богатство! Наряду с английским языком в нашей школе дети изучают китайский язык,

## ҚР халықтарының Тілдері күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясында 2014 жылдың 2-27 қыркүйек аралығында «Тілдер айлығы» шеңбері өткізілді. Қазақстан Республикасында тілді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекетті бағдарламасын қарастырып зерттеуі, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, кітапханада «Тілдер керуені» тақырыбына кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақстан халқы Тілдер күнін мерекелеу барысында «Балауса» ақпараттық радио орталығының жетекшісі Есенгожина Акмарал Еркеновна және орталық мүшелері «Тіл – алтын қазына» радиобабын тыңдаушыларға тарту етті.

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы шеңберінде Сайын Мұратбековтің шығармашылығына арналған кітапханада «Саин Мұратбеков. Жусан иісті дара талант» атты кітап көрмесі (жауапты: Ж.Жармағамбетова), 3-10 сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы (жауапты: Аубакирова А.И., Дүйсембаев Ә.Қ.) өткізілді.

10-27 қыркүйек аралығында «Тілдер үштұғырлығы» атты сыныптан тыс іс-шаралар



жоспарланып, өткізілді. Олар: 3-сыныптар арасында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» (Ахметжанова Қ.Т.),

3-4 сыныптар арасында «Қызықты ағылшын» атты зияткерлік ойыны (Уажанова Б.Б),



4-сыныптар арасында «Занимательный русский язык» зияткерлік ойыны (Бекбасова Б.Ш.), 6-7 сыныптар арасында «Алтын сақа» сайысы (Нурғалиева Д.А., Шапауова Ә.С.), 8-9 сыныптар арасында «Миллион кімге бұйырады?» зияткерлік ойыны, 9-сыныптар арасында «Тіл білгірі» атты зияткерлік ойыны (Дүйсембаев Ә.Қ.) өткізілді.

Барлық өткізілген іс-шараларда оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілінен, логикадан, әдебиеттен өз білімдерін көрсете білді.

8-сыныптар аралығында «Лингвобол» интеллектуалдық ойыны (Ибрайкина К.М.) өткізілді.



Сонымен қатар 23-қыркүйек күні «Тілім – тірлігімнің айғағы» атты Тілдер айлығының



қорытынды фестивалі (жауаптылар: Нургалиева.С.Е., Хуаныш Ж., Бекбасова Б.Ш., Есенгожина А.Е) болып өтті. Фестиваль өте жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылар мемлекетіміздің дамуы және одан әрі көркею үшін қазақ, орыс және

ағылшын тілдерін жетік меңгеру керектігін және осы тілдерде, сонымен қатар қытай тілінде тақпақтар айтып, тілге деген құрметтерін білдірді. Ерекше мәнерлеп оқу шеберлігімен көзге түскен оқушылар Ералиева Ақбота 3ә сынып оқушысы, Успанова



Аймира 5а сынып оқушысы және 8-сынып оқушысы Замирбек Серікболды атап өтуге болады. Тілдер айлығында өткізілген барлық іс-шаралардың жеңімпаздары осы фестивальде марапатталды.

Тілдер айлығына гимназия



оқушылары мен ұстаздары белсенді қатысып, барлық іс-шаралар өз деңгейінде өткізілді.



## Мәнерлеп оқу сайысы

*Language is the means of getting an idea from my brain into yours without surgery.*

*Mark Amidon*

*Language is the blood of the soul into which thoughts run and out of which they grow.*

*Oliver Wendell Holmes*

*Language is the most massive and inclusive art we know, a mountainous and anonymous work of unconscious generation.*

*Edward Sapir*

Тілдер мерекесі қарсаңында 3-10 сыныптар аралығында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, қытай тілінде мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайысқа барлығы 24 оқушы қатысты. Мәнерлеп оқу сайысының мақсаты: «Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстауға, оқушылардың ой- өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту, жұрт алдында еркін ауыз екі сөйлеуге баулу». Мәнерлеп оқу сайысында келесі шарттарға көңіл бөлінді: өзін сахнада дұрыс ұстау, өлеңді жатқа айту, өлеңнің сөздерінің түсінікті болуы, мәнері, дауыс ырғағы.

Аталған шарттар негізінде сайыс қорытындысы бойынша бастауыш сыныптар аралығында жүлделі орындарды келесі оқушылар иеленді: 3ә-сынып оқушысы Ералиева Ақбота өлең оқуда өзінің мәнерлілігімен көзге түсіп, ең жоғары ұпай алып, «Мәнерлеп оқудың жарқын жұлдызы» номинациясының иегері атанды. 1-орынды 3а-сынып оқушысы Бакибаева Айжан иеленсе, 2-орынды да осы сыныптың оқушылары Жанат Жанерке мен Серикбаева Камила ие болды. 3-орынды 4ә-сынып оқушысы Сабыржан Адина иеленді.

5-10 сыныптар аралығында бә-сынып оқушысы Кунтаева Амина өлең оқу мәнерінің жоғары екенін көрсете отырып, «Мәнерлеп оқудың жарқын жұлдызы» номинациясын жеңіп алды. 1-орынға 5ә-сынып оқушысы Баяманова Аида, 2-орынға 5а-сынып оқушысы Успанова Аймира, 3-орынға бә-сынып оқушысы Гармаева Диляра мен 8-сынып оқушысы Замирбек Серікбол ие болды.

Балауса тілшісі: Динел Касымова

## Отбасы – қасиетті құндылық

Елбасының Жарлығымен Қазақстанда жаңа мереке – отбасы күні атап өтілді. Отбасы – қасиетті құндылық. Адам баласына берілетін тәрбиенің ең негізгісі осы жерде қалыптасады. Талайды қанаттандырған киелі шаңырақ бұл. Сондықтан отбасы мерекесі күні белгіленуінің өзіндік маңызы бар. Отбасы мерекесі баршамызға құтты болсын! Отбасының тірегі, қорғанышы деп кімді айтамыз? Ол - әке.

Ыстық – ау кім – кімге де әке деген,  
Суыққа шалындырмай мәпелеген.  
Өмірдің соқтығымен өрге тартып,  
Алдымен адам бол деп жетелеген.  
Тағдырдың кеуде тосып жартасына,  
Біз үшін түскен майдан ортасына,  
Алаңсыз салып сайран шалқып жүрміз  
Біз бүгін әкелердің арқасында

Келесі кезекте ең ардақты, ең сүйікті ол кім? - Әрине, ол аналар.  
Анаң деген ақылшың,  
Анаң барда батырсың.  
Ұясында кім болса да,  
Тек анаңа жақынсың

Ата, апа, ана, әке қандай адамдар? - Ең қымбат адамдар  
Құт береке атаң қымбат,  
Мейірімді әжең қымбат,  
Асқар тауың әкең қымбат,  
Аймалайтын анаң қымбат.

Жас тілшісі: Жансаят Мукышев



Гимназияда 8-13 қыркүйек аралығында отбасылар күніне арналған «Отбасы – бақыт мекені» атты акция өткізілді. Акцияға мектеп оқушылары мен ата-аналар белсене қатысты. 2-3-сынып оқушылары «Менің отбасым – менің тірегім» атты тақырыпқа асфальтта суреттер салса, 4 - сыныптар арасында «Бірге біз бақыттымыз» атты эмблемалар сайысы, 1 – сыныптар арасында «Ынтымақты отбасы» спорттық сайысы өткізілді. «Балауса» радио-ақпарат орталығы оқушыларының ұйымдастыруымен «Отбасы – өнеге ұясы» атты радиохабар отбасының адам өміріндегі орны мен отбасындағы сыйластық, адамгершілік қасиеттерінің маңызына арналып, әсем әнмен, мәнді өлеңмен жалғасты. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттары «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбына арналды.

Аға тәлімгер М.Жақсыбекова

## Ұстаздар күні



Ұстаздар күні - бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке десек артық айтқандық болмас. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған, сондықтан болар осы абыройлы міндетті атқарып жүргендерді халқымыз әрқашан ерекше құрмет тұтқан. Ұстаздың әр адамның жүрегінен алатын орны айрықша, қолына қалам ұстатып, алғаш әліппені үйреткен мұғалімін жылылықпен еске

алмайтындар кемде- кем болар. Құрметті ұстаздар, төл мерекелеріңіз құтты болсын!

I love my teacher  
He is full of life  
I love my teacher  
He doesn't cause any strife  
I love my teacher  
For he is full of light  
I love my teacher  
He is always bright  
I love my teacher  
For he doesn't get in a fight  
And, I love my teacher  
For he tells me to look on the side that's bright

Мұғалім – мамандық, ұстаздық – қасиет. Яғни, ұстаз болу – адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Ендеше, осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған, ұстаздарға қандай мақтау, мадақ айтсақ та артықтық етпейді



Мектеп Ұланы  
Қайыржанова Адия

## Добрые пожелания нашим учителям

В день осенний, когда у порога  
Задышали уже холода,  
Школа празднует День педагога,  
Праздник мудрости, знаний, труда.

День учителя! Вслушайтесь  
сердцем  
В эти звуки, что дороги нам.  
Всем, что связано с юностью,  
детством,  
Мы обязаны учителям!

Вы душою всегда молодые,  
Труд и радости с нами деля,  
Наши строгие, наши родные,  
Терпеливые учителя!

За ваши мудрость и терпенье  
Хотим мы вас благодарить.  
Собрать бы все цветы на свете  
И вам сегодня подарить!

Пусть в этом зале в этот час  
Огни горят светлей!  
И вновь мы поздравляем вас,  
Своих учителей!

[Введите текст]

№ 1 (9) 2014 жыл I тоқсан

## Гимназиямызда қарттар күніне орай «Қариялы ел- қазыналы ел» атты мерекелік шара ұйымдастырылды



Гимназия әкімшілігі мен оқушыларының ұйымдастыруымен мектептің мәжіліс залында қарттар күніне орай мерекелік жиын ұйымдастырылды. Мерекелік шараға келген ардагерлер мен қарияларға гимназия оқушылары әсем ән мен тәтті күй тарту етті. Сондай-ақ әрбір қарияға қажетті азық-түліктер жынтығы сыйға берілді. Әсем әнді естіп, оқушылардың тамаша биін көріп, бір жадырап қалған қариялар, алғыстарын жаудыра, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

Мектепте жоғары сыныптар аралығында «Күз ханымы мен ханшайымы» байқауы өтті

«Алтын күз» мерекесі

Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз, алтын күз.

Дәнге толы ен далам

Дариядай шалқар күз, -дегендей, жеміс-жидекке толы күз мезгілі де келді. Күздің кереметін көрсететін «Алтын күз» мерекесіне 8-11 сыныптарынан бірнеше жұптар қатысты. Сайысты 9-сынып оқушылары ұйымдастырды. Сайыс қорытындысы бойынша үнді сериалының басты кейіпкерлері болып сахнаға шыққан 10-сынып жұбы Шегебаева Жанель мен Ермеков Әділет «Күз ханымы мен ханшайымы» атағына ие болды. Жеңістерің құтты болсын!



## ЖАЙДАРЫ КҮЗ, ЖАРҚЫН КҮЗ



Қазанның 16-18 күндері аралығында гимназияда дәстүрлі «Алтын күз» мерекесі өтті. 5-7 сыныптар арасында «Жайдары күз, жарқын күз» мерекесіне оқушылар асқан шеберлікпен дайындалып келді. Әр сыныптан Күз ханшайымы мен ханзадасы жаңа стильде өздерін таныстырып түрлі кино, музыка жұлдыздары ретінде сахнаға шықты

## Үздік педагог - 2014



2-ші қазан күні Астана қаласында Тәуелсіздік Сарайында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрі А.Б.Сәрінжіповтың қатысуымен Мұғалімдер Күніне орай өткен салтанатты рәсімде «Үздік педагог» атағына ие болған ұстаздардың есімдері аталды. Павлода облысынан «Үздік педагог» атағына ие болған ұстаздарының бірі гимназияның физика пәнінің мұғалімі Кабылбекова Алмагуль Серикбаевна. Алмагуль Серикбаевнаны құттықтаймыз!

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ПСИХОЛОГІ» КОНКУРСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІ



2014 жылғы 1 қазан күні Павлодар қаласы № 2 жалпы орта білім беру мектебінде «Жылдың үздік психологі» облыстық конкурс өтті. Конкурса Павлодар облысының жалпы білім беретін мектептерінен 37 психолог қатысты. Конкурс қорытындысы бойынша II дәрежелі дипломмен гимназия психологі Шаймарданова Назигуль Тусупқызы марапатталды. Назигуль Тусупқызын құттықтаймыз! Еңбегіңізге шығармашылық табыс тілейміз.

[Введите текст]

№ 1 (9) 2014 жыл I тоқсан

## Балаларға базарлық

### Жұмбақтар

Қызықтырып әркімді-ақ  
Суда жүзер жылтылдап.

(.....)

«Б» әрпінен басталар,  
Сол жәндіктің атын тап.

(.....)

Отыз екі мықты  
Қаз-қатар боп шықты.

Он алтысы үсті

Он алтысы асты

(.....)

Қашсам – құтылмадым

Ұстасам – қолыма тұрмады.

(.....)

Бес жанды

Бес жансызға мінгеседі

Үстінде ақ тақырдың із кеседі.

(.....)

«Сиқырлы қылқалам» үйірме мүшелерінің  
шығармашылық жұмыстары



Есмуханов Аңсар 3ә-сынып



Қазтай Айшат 3ә-сынып



Бакибаева Айжан 3ә-сынып



## Қазақстанның көрікті жері



Жомартұлы А 4а-сынып



Касымова Д 3ә-сынып



Байгожина 4ә-сынып

## Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының 3 «Ә» сынып оқушыларының шығармашылығынан

### Күз

Өлкемізде алтын күз мезгілі. Күз береке мен молшылық кезеңі. Дикандар жаз бойы аянбай еңбек етіп, мол өнім өндірді. Мол өнім бүгінде қалалықтардың дастарханын жайнатуда.

Ал астықты алқаптарда қызу еңбек өз жалғасын табуда. Тау-тау боп үйілген алтын дән қамбаларға тасылуда. Яғни күз нағыз қайнаған еңбек мезгілі.

Мен күз мезгілін өте ұнатамын. Сондықтан күз мезгіліне арнап мына өлең жолдарын шығардым:

Төркіндеп тосын келген күз көрікті,  
Кигізді Ақсуыма мұз бөрікті  
Төгілген жапырағы күміс-қайың  
Дірілдеп аянышты жүз беріпті. **(Ералиева Ақбота)**

Жапырақтар сарғайып,  
Жерге түсе бастайды  
Құстар ұшып кетеді,  
Жаңбыр жауа береді.  
Бұл кереметтің бәрі де  
Болады күз кезінде. **(Кабиденова Томирис)**



Көңілді күз келіпті  
Жапырақтар сарғайып  
Жаңбыр жауа береді  
Балаларды қуантып. **(Қазтай Айшат)**

Келді тағы бізге күз  
Құстар ұшып кетіпті  
Жапырақтар сарғайып  
Адамдар жеміс теріпті. **(Садыбекова Арайлым)**

Күз келеді, келеді  
Жапырақтар түседі  
Егістікті жинайды  
Сабан тойды тойлайды. **(Алмас Альдина)**

Күн суытып күз келді  
Жапырақтар сарғайды  
Жеміс пісіп ағашта  
Құстар ұшып кетіпті  
Түн ұзарып, салқындатты  
Торғайлар ғана қалыпты  
Жылы киініп аламыз  
Мектепке енді барамыз. **(Еркінбек Әмина)**



Келді бізге алтын күз  
Құстар ұша бастады  
Жапырақтар сарғайып  
Оқу жылы басталды. **(Касымова Дария)**



## Оқушылар мен мұғалімдердің НАЗАРЫНА

II тоқсанда өткізілетін шаралар

10.11-10.12- Бүкіләлемдік ЖҚТБ-ға қарсы күрес науқанына арналған шаралар

17-22 қараша

Шет тілдер апталығы

24 қараша

Мектепшілік пән олимпиадасы

17-24 қараша

Тұңғыш президент күніне арналған «*Менің елімнің көшбасшысы*»  
тақырыбында сырттай байқауы

6-24 қараша

Тұңғыш президент күніне арналған «*Қазақстан болашаққа қадам*»  
облыстық шығармашылық байқауы

Балаусаның электронды нұсқасын гимназияның сайтынан көре аласыздар:  
[aksu-gymnasium.edu.kz](http://aksu-gymnasium.edu.kz)

Барлық материалдар мына электронды мекенжай бойынша қабылданады:  
[gimnaziya-aksu-metodkab@mail.ru](mailto:gimnaziya-aksu-metodkab@mail.ru)